

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1	
		Бет 1 12	

«13» 03 2025 ЖЫЛҒЫ
Басқарма шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
хаттама № 5

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ профессорлық-оқытушылық құрамының қызметкерлерін шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже

Қолдану мерзімі « <u>13</u> » <u>03</u> 20 <u>25</u> ж. бастап « <u>13</u> » <u>03</u> 20 <u>30</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыста ☐ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат:	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Дана №

Алматы – 2025

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық кафедраның/құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, бұрыштама қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, бұрыштама қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Адам ресурстарын дамыту департаментінің басшысы	Нагасбекова Б.С. «__»__20__ж.	
	Персоналды дамыту басқармасының басшысы	Абылгазина А.Е. «__»__20__ж.	
КЕЛІСУ (басшысымен құжат келісілетін құрылымдық бөлімшенің атауы)	Бірінші проректор	Кайдарова Д.Р. «__»__20__ж.	
	Проректор	Калматаева Ж.А. «__»__20__ж.	
	Проректор	Султангазиева С.Е. «__»__20__ж.	
	Проректор	Датхаев У.М. «__»__20__ж.	
	Проректор	Фахрадиев И.Р. «__»__20__ж.	
	Атқарушы директор	Лахов С.В. «__»__20__ж.	
	Заң департаменті басшысының м.а.	Ахмет А.Н. «__»__20__ж.	
	Тәуекелдер және сапа менеджменті жүйесі басқармасының басшысы	Жангирбаев М.Т. «__»__20__ж.	
ТІРКЕУ			

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1	Бет 3 12

Мазмұны

1.	Қолдану саласы	4
2.	Шетелде оқу/тағылымдамадан өту мақсаттары мен міндеттері	4
3.	Нормативтік сілтемелер	4
4.	Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар	5
5.	Шетелде оқытуды/тағылымдаманы ұйымдастыру	5
6.	Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің оқытуды/тағылымдаманы ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимылы	7
7.	Қорытынды ережелер	7
8.	1-қосымша	9
9.	2-қосымша	10
10.	3-қосымша	11
11.	Өзгерістерді тіркеу парағы	12
12.	Танысу парағы	13

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 4 12

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ профессорлық-оқытушылық құрамының қызметкерлерін шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) университеттің персоналды басқару саласындағы қызметін реттеуді қамтамасыз ететін құжаттардың құрамына кіреді.

1.2 Осы Ереже «2024-2028 жылдарға арналған «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ даму бағдарламасының «Болашақ» халықаралық бағдарламасы шеңберінде шетелде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі ПОҚ үлесі" 16-тармағын іске асыру шеңберінде шетелдік білім беру ұйымдарында, ғылыми және клиникалық ұйымдарда оқудан/тағылымдамадан өтуге ниет білдірген университеттің ПОҚ-на 45 жасқа дейінгі ұйымдастыру тәртібін және оған қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

1.3 Осы құжаттың талаптары университет есебінен «Шетелдік білім беру ұйымдарында, ғылыми және клиникалық ұйымдарда оқудан және тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі университет ПОҚ үлесі» көрсеткіші шеңберінде оқуға/тағылымдамаға тікелей қатысатын университет қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті.

2. Шетелде оқу/тағылымдамадан өту мақсаттары мен міндеттері

2.1 Оқытудың/тағылымдаманың негізгі мақсаты - теориялық, практикалық, клиникалық, педагогикалық білімді, оқыту әдістемесін жетілдіру, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, практикалық/клиникалық тәжірибе алмасу.

2.2 Оқытудың/тағылымдаманың негізгі міндеттері: университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру; практикалық дағдыларды жетілдіру; шетелдік ғалымдармен бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу.

3. Нормативтік сілтемелер

ПОҚ қызметкерлерін шетелде оқыту/тағылымдамадан өткізу мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

2) «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407 - IV Заңы;

3) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 5 12

сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

4) «Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 ақпандағы № 77 бұйрығы,

5) «Ғылыми тағылымдамадан өтуді іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 29 қарашадағы № 161 бұйрығы;

6) «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламалары.

4. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Осы Ережеде мынадай терминдер, қысқартулар мен анықтамалар пайдаланылды:

ҚазҰМУ - С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті;

ПОҚ- профессорлық-оқытушылық құрам;

Оқыту (біліктілікті арттыру шеңберінде) - маманның негізгі мамандығы шеңберінде оның кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған процесс.

Тағылымдама - өткізілетін ғылыми/клиникалық зерттеу шеңберінде жетекші шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және салалық ұйымдарда біліктілікті арттыруға бағытталған процесс;

Сертификат- оқу/тағылымдамадан өту барысында маманның кәсіби білімін, тәжірибесі мен дағдыларын алғанын растайтын құжат.

5. Шетелде ПОҚ оқытуды/тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру

5.1 Шетелде оқу/тағылымдама жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда және салалық ұйымдарда ПОҚ біліктілігін арттырудың негізгі ұйымдастырушылық нысандарының бірі болып табылады.

5.2 Шетелде 45 жасқа дейінгі ПОҚ қызметкерлерін оқытуды/тағылымдамадан өтуді қаржыландыру университет қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тартылған қаражат есебінен, сондай-ақ қызметкердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5.3 Университет қаражаты есебінен оқыту/тағылымдамадан өту ПОҚ қызметкері үш жылда бір рет өтуі мүмкін.

5.4 Университет қаражаты есебінен шетелде оқу/тағылымдама ұзақтығы күнтізбелік 7-ден 14 күнге дейін құрайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 6 12

5.5 Шетелде оқу/тағылымдамадан өту үшін қызметкерлерді іріктеу критерийлері:

- 1) қызметкердің жасы - 45 жасқа дейін
- 2) университеттегі жұмыс өтілі - 3 және одан да көп жыл;
- 3) PhD ғылыми /академиялық дәрежесінің болуы (дұрысы);
- 4) мемлекеттік және шет тілдерін білу (дұрысы);
- 5) қабылдаушы ұйымнан – серіктес ЖОО шақырудың болуы;
- 6) ғылыми жарияланымдардың болуы;
- 7) бекітілген оқу/тағылымдама бағдарламасының болуы (1-қосымша).

5.6 Іріктеуді Кадрлар жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

5.7 Шетелде оқу/тағылымдама ҚазҰМУ мен серіктес ЖОО арасындағы халықаралық шарттар (меморандумдар, ынтымақтастық туралы шарттар) негізінде халықаралық рейтингтерге кіретін жетекші ғылыми ұйымдарда және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

5.8 Шетелде оқуға/тағылымдамаға жіберілген қызметкермен университетте кемінде 3 жыл жұмыс істеу шартымен оқыту шарты жасалады.

5.9 Шетелде оқу/тағылымдама кезеңінде университет қызметкерінің жалақысы, жұмыс орны және атқаратын лауазымы сақталады.

5.10 ПОҚ қызметкерлерін шетелде оқыту/тағылымдамадан өткізу қорытындылары сертификатпен (куәлікпен) расталады. Оқудан/тағылымдамадан өткеннен кейін қызметкер 5 күннен кешіктірмей мектептің/факультеттің деканатына және АРДД персоналды дамыту басқармасына шетелде оқудан/тағылымдамадан өткені туралы есепті (2-қосымша) және құжаттың көшірмесін ұсынуға тиіс.

5.11 Шетелде ПОҚ қызметкерлерін оқыту/тағылымдамадан өткізу нәтижесі оқу/тағылымдама аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қызмет процесінде енгізу/ пайдалану болып табылады: курс бағдарламасын өзектендіру/жаңарту (толықтырулар/өзгерістер енгізу); әдістемелік нұсқаулар шығару; әдістемелік құрал шығару; жаңа курсты әзірлеу (дәрістер, практикалық және семинарлық сабақтар және т.б.); семинар, шеберлік-классы және т. б. өткізу, мақала жазу, тәжірибеде техникалық жаңалықтарды пайдалану; басқа да қызмет түрлері.

5.12 Алған білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының нәтижелері бойынша нысан бойынша енгізу актісі жасалады (3-қосымша).

5.13 ПОҚ қызметкерлерін шетелде оқыту/тағылымдамадан өткізу нәтижелілігін мектеп/факультет деканы бақылайды.

6. Шетелде оқытуды/тағылымдаманы ұйымдастыру мәселелері бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 7 12

6.1 Адам ресурстарын дамыту департаменті:

1) шетелде ПОҚ оқытуды/тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша жұмысты үйлестіреді;

2) Университеттің даму бағдарламасының 16-индикаторына сәйкес 45 жасқа дейінгі ПОҚ санын, оқуға/тағылымдамаға жіберілетін қызметкерлер санын анықтайды;

3) шетелде ПОҚ оқытуды/тағылымдаманы қаржыландыруға өтінім қалыптастырады;

4) шетелде ПОҚ оқыту/тағылымдамадан өту үшін мектептер/факультеттер бойынша квота қалыптастырады;

5) шетелде ПОҚ оқыту/тағылымдама кезеңділігінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6) оқуға/тағылымдамаға үміткерлерді іріктеу бойынша конкурс ұйымдастырады және өткізеді;

7) оқуға/тағылымдамаға жіберілген қызметкерлерге құжаттарды ресімдеуде әдістемелік көмек көрсетеді;

8) тиісті бөлімшенің сұрауы бойынша шетелде оқудан/тағылымдамадан өткені туралы есепті қалыптастырады және ұсынады.

6.2 Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті және мектептер/факультеттер шетелде ПОҚ оқытуды/тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізеді.

6.3 Экономика және жоспарлау департаменті шетелде оқыту/тағылымдамадан өтуге бөлінген ақшалай қаражатты жоспарлауды және есепке алуды жүзеге асырады.

6.4 Мемлекеттік сатып алу басқармасы, Экономика және жоспарлау департаменті, Заң департаменті шетелдік ұйыммен шарт жасасуды қамтамасыз етеді.

6.5 Мектептер/факультеттер және кафедралар:

1) ПОҚ оқыту/тағылымдама бағдарламасын бекітеді;

2) оқу/тағылымдама туралы есепті тыңдайды және бекітеді;

3) университеттің білім беру/ғылыми/клиникалық қызметіне алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын енгізу бойынша жұмысты үйлестіреді.

7. Қорытынды ережелер

7.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді.

7.2 Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңасы қабылданғанға дейін қолданылады.

7.3 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ҚазҰМУ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1 Бет 8 12

1-қосымша

БЕКІТЕМІН
Мектеп деканы

_____ Т.А.Ә.
« _____ » 20__ ж.

ОҚУ/ТАҒЫЛЫМДАМА БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Бағдарламаның атауы _____
2. Мақсаты _____

3. Оқыту/тағылымдама өткізілетін ұйымның атауы _____
4. Оқу/тағылымдама жоспары _____

5. Оқу мерзімі _____
6. Бағдарламаның орындалуын бақылау _____

Кафедра/құрылымдық бөлімше басшысы А.Ә. Тегі

Қызметкер А.Ә. Тегі

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 9 12

2-қосымша

Оқытудан/тағылымдамадан өту туралы кафедра ПОҚ есебінің шамамен мазмұны

1. Оқу/тағылымдаманың мақсаты.
 2. Оқу/тағылымдамадан өту орны мен уақыты.
 3. Курстың атауы, бағдарлама тақырыптары, оқытудың/тағылымдаманың негізгі нысандары.
 4. Оқу/тағылымдама туралы пікір.
 5. Оқытудың/тағылымдаманың тиімділігі.
- Алынған білім төмендегі үшін пайдаланылады:
- жаңа дәрістер әзірлеу үшін (атауын көрсету)
 - оқылатын дәрістерді жаңарту үшін (тақырыптарды көрсету)
 - практикалық сабақтарға арналған тапсырмаларды жасау (жаңарту) үшін (тақырыптарды көрсету)
 - зертханалық жұмыстарға арналған тапсырмаларды жасау (жаңарту) үшін
 - өзіндік жұмыс тапсырмаларын жасау (жаңарту) үшін
 - білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауларына арналған тапсырмаларды жасау (жаңарту) үшін
 - курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын құру (жаңарту) үшін
 - кафедраның, мектептің/факультеттің әдістемелік семинарында сөз сөйлеу үшін
 - мақаланы, баяндама тезистерін жариялауға дайындау үшін (тақырыпты көрсету)
 - оқу-әдістемелік әдебиеттерді (оқулық, оқу құралы, әдістемелік нұсқаулар) басып шығаруға дайындау үшін
6. Оқуды/тағылымдаманы растайтын құжаттың болуы (құжаттың атауы, нөмірі).

Қызметкер _____ А.Ә.Тегі
(қолы)

Есеп бекітілді
Кафедра басшысы _____ А.Ә.Тегі
(қолы)

Күні

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Адам ресурстарын дамыту департаменті	Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже	Редакция: 1
			Бет 10 12

3-қосымша

БЕКІТІЛГЕН

жетекшілік ететін орган

« ____ » _____ 20 ____ ж.

ЕНГІЗУ АКТІСІ

оқу/тағылымдама нәтижелері

1. Жұмыс атауы:
2. Қысқаша аннотация:
3. Енгізудің әсері: (емдік, диагностикалық, профилактикалық, экономикалық және т.б.)
4. Енгізу нысаны:
5. Енгізу орны:
6. Іске асыру уақыты:

Қолтаңбалар:

1. Өтініш берушілер:

Т.А.Ә, лауазымы _____
(қолы)

2. Өндірістік қызметіне көрсетілген нәтижелер енгізілген ұйымның өкілі:

Т.А.Ә, лауазымы _____


(қолы)



Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже

Бет 11 12

[illegible]



Адам ресурстарын
дамыту департаменті

Шетелде оқытуды/тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру туралы ереже

Редакция: 1

Бет 12 12

9. Танысу парағы

[illegible]